

## Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 12 ақпандағы № 3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 ақпанда № 6015 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармағына сәйкес, Шал ақын ауданы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 26 желтоқсанындағы № 18 -29/470 ұсынысы негізінде, Жаңажол ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Жаңажол ауылдық округінің Жаңажол ауылында орналасқан Есіл, Мектеп, Байтерек және Аққайын көшелерінен, ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шараларының аяқталуына байланысты, шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2019 жылғы 02 қазандағы №4 шешімінің (2019 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №5603 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*М. Сулейменов*